AR-AI
aray2008@mail.ru
2023
31 желтоқсан 2022 жы
№52 (948
www.arainfo.k

Сауалнама

# ӨТКЕН КҮНДЕРДІҢ ӨРНЕГІ

**Барыс жылы баянды болып, бақ сыйлап шығып барады. Ал санаулы сәттен кейін Қоян жылы келуге әзір тұр. Осы орайда біз облысымызға белгілі азаматтарды сөзге тартып, Барыс жылында қандай табыстарға жеткенін, 2022 жыл қандай естеліктерімен, жаңалықтары-мен есте қалғанын сұрап көрген едік.**

**Ерболат САУРЫҚОВ, Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының президенті:**

– Бүгін 2022 жылды артқа қалдырып, ертең 2023 жылды қарсы алғалы отырмыз. Еліміз ежелден «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа» деп келер жылдан үлкен үміт күтіп, тек жақсылық тілеген.

2022 жыл біз үшін табысты жыл болды. Биылғы басты жаңалығымыз – оқу орнымызға қазақ әдебиеті мен тілінің, дінінің мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, шындықтың шырақшысындай болған журналистиканың қаранары Шерхан Мұртаза есімінің берілуі болды.

Сонымен қатар институтымызда «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы 2009 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқанын білесіздер. «Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде – ұлт та ұлы бола алмайды» деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, әдебиеттің атқаратын орасан зор қызметімен ештеңе де теңесе алмайды. Осы тұрғыдан алғанда Ш.Мұртазаның есімі біздің оқу орнына берілуі де заңдылық. Сонымен қатар Шерағаның еңселі ескерткіші де өзінің 90 жылдық тойына сәйкес оқу орнымыздың алдына орналастырылды.

Бұдан бөлек жаңа әкімшілік ғимаратымыз бой көтерді. «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы жаңадан жасақталды, «Студенттер үйінің» алды күрделі жөндеуден өтіп, әуенді фонтан орнатылып, демалыс скверіне айналды.

Шерхан Мұртазаның 90 жылдық мерейтойы аясында республикалық «Шерхантаным: қазіргі қазақ әдебиеті мен баспасөзінің даму үрдісі» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткіздік. Ш.Мұртазаның 5 томдық шығармалар жинағы жаңадан баспадан шығарылды. Жазушының «Бір кем дүние» кітабы толықтырылып, өңделіп, жұртшылыққа қайта таратылды.

Ғылым саласында институтымыздың профессор-оқытушылары да толағай табыстарға жетті. Халықаралық байланыстарды дамыту барысында Шерхан Мұртаза атындағы ХТИИ отандық және халықаралық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты жоғары деңгейде ұйымдастыру мақсатында 12 халықаралық және 22 отандық жоғары оқу орнымен келісімге қол қойылды. Бұл келісімдер студенттер мен оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын, жетекші ғалымдардың қонақ дәрістерін, бірлескен ғылыми зерттеулерді, магистранттардың ғылыми тағылымдамадан өтуін және тағы да басқа мәселелерді жүзеге асырады.

Қос диплом бағдарламасы аясында Варна Еркін университетінде (Болгария) оқу орнымыздың 8 студенті білім алуда. Сонымен қатар сыртқы академиялық бағдарламасы аясында аталған жоғары оқу орнында 6 студент оқиды.

2 желтоқсан күні Самарқан қаласында өтетін жыл сайынғы Халықаралық студенттер симпозиумына оқу ордамыздың студенттері қатысып, жоғары марапатқа ие болды.

Біздің осы жылғы үлкен жетістіктеріміздің бірі ретінде Азия университеттері ассоциациясына енуімізді атап өтуге болады.

Ғылым саласында да Шерхан Мұртаза атындағы ХТИИ осы оқу жылында, үлкен нәтиже көрсетті. Атап айтқанда, бүгінгі таңда 30-дан астам стартап жобаларға, монографияға, оқу құралына авторлық куәлік алдық. Профессор-оқытушы ғалымдарымыздың 27-ден астам мақаласы индексі жоғары «Scopus» журналында жарияланды. 5 стартап жоба бойынша патент алынды. 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа институт атынан ауылшаруашылық, педагогика, экономика және тілдер бағытында 10 жобаға өтінімін бердік. Сонымен қатар оқу орнымыз IT және ғарыш саласында студенттеріміздің қабілетін арттыру мақсатында да бірқатар жұмыстар атқарып жатыр. «Болашақ» бағдарламасы бойынша институтымыздың 3 профессоры шетелдерде ғылыми тағылымдамадан өтті.

Спорт саласында да институт студенттері қалалық, облыстық, республикалық сайыстарда өнер көрсетіп, бокс, каратэ, армрестлинг, волейбол, күрес, грек-рим күресі, таэквондо, кик-боксинг және басқа да спорт түрлерінен жеңіс туғырынан көрініп, көк туымызды желбіретті. Қазақ спорт және туризм академиясында «Жыл үздігі – 2022» марапаттау рәсімінде «Ең спорттық жоғары оқу орны» номинациясы бойынша біздің институт үздік деп танылды.

Сонымен қатар біздің «Мемлекеттік жергілікті басқару» мамандығының 1-курс студенті Азамат Намелбекұлы «Бизнес» бағыты бойынша «Халық» қайырымдылық қоры ұйымдастырған «Халық үміті» республикалық конкурсында «Need to Work» жобасын ұсынып, жеңімпаз атанды. Ол 1 000 000 теңге қаржылай сыйақы жеңіп алды.

Күні кеше Франция астанасы Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде Халықаралық Түркі академиясына мүше мемлекеттердің ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияларымен бірлесіп және ЮНЕСКО хатшылығының қолдауымен «Әлем мәдениетіндегі түркі өркениеті: Елтеріс Құтлұғ қаған жазбасы» атты халықаралық форум ұйымдастырылды. Форумға арнайы шақырылып, «Түркі этногенезі: көне түркі тілінің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында түрік тілінде баяндама жасадым.

Міне, Барыс жылы осындай жаңалықтарға толы болды.

Қоян жылы да табысты жыл болсын. Бауырымыз бүтін, жақындарымыз аман жүрсін. 2023 жыл ырыс пен ынтымақтың, береке мен байлықтың, бейбітшілік пен бақыттың, барлық ой-мақсаттар мен ізгі тілектер орындалатын жыл болсын!

**Гүлбаршын ҚҰЛАНБАЕВА, облыстық «JAMBYL» телеарнасының директоры:**

– Барыс жылы өмірімде көптеген өзгерістерімен есімде қалды. Ең әуелі, өзімнің жаным сүйген мамандығыма, шығармашылық аудиторияма қайта оралдым. Сегіз жыл еңбек етіп, қанатымды қатайтып, қарымымды арттырған «JAMBYL» облыстық телеарнасына сегіз жылдан кейін қайта оралдым. Әрине, 33 жылдық тарихы бар телеарнаны басқарғандардың арасындағы алғашқы әйел басшы болғанымды осыған дейінгі еңбегім үшін Алланың берген сыйы, нәсібі шығар деп ойлаймын. Әрі мен үшін үлкен жауапкершілік және қарашаңырақты түлетуге берілген мүмкіндік.

«JAMBYL» қарашаңырағының қазанында қайнап, журналистика саласының майталмандарына айналған адамдар аз емес. Сондықтан киелі орынға келген адамның жүрегін бір арман мен мақсат шымырлататыны белгілі. Менің де осы шығармашылық ұжыммен бірге алда талай жобаларды жүзеге асырсам деген жоспарым бар. Өткенде ғана отыз үшінші маусымды ашып, «Патриот», «Бақыт кілті», «Қаламгер клубы», «Жүрек сөзі» сынды бірнеше хабарлардың тұсауын кестік. Мұның бәрі де халық игілігі үшін және қарашаңырақтың бет-беделі үшін жасалып жатқан дүниелер.

Телеарна директоры болып тағайындалғанға дейін облыс әкімдігі ішкі саясат басқармасының өңірлік коммуникациялар қызметі мекемесінде еңбек етіп ысылдым, шәкірт тәрбиеледім. Енді жинаған тәжірибелерімді пайдалана отырып, «JAMBYL» телеарнасын жаңа белеске шығару үшін барынша күш-жігерімді жұмсайтын боламын.

Биыл одан өзге де біраз арманым жүзеге асты деуге болады. Мен тумысымнан саяхатқа құмар адаммын. Ел аралап, жер көргенді жаным сүйеді. Осы жылы бірнеше жылдан бері барып көруді армандап жүрген Біріккен Араб Әмірліктеріне жолым түсті. Сапарым бірқатар көзқарастарымның өзгеруіне ықпал етті. Білген адамға саяхаттаудың өзі үлкен тәжірибе. Бұйыртса, келе жатқан Қоян жылы да барша қазақстандықтардың асқақ армандары орындалатын жыл болсын деп тілек айтқым келеді. Осы жылдың жақсылығы келесі жылға да жұғысты, Қоян жылы ырысты болсын!

**Нұрай ҚАРАЖАНОВА, Асқар Тоқпанов атындағы облыстық қазақ драма театрының әртісі:**

– Барыс жылы көптеген армандарым жүзеге асқан жыл болды. Кішкентай кезімнен әртіс болуды армандайтынмын. Сол арманымның алғашқы қадамы сәтті жасалғандай. Олай деп отырғаным, биыл көптеген рөлдерді сомдадым. Атап өтер болсам, «Жамбылдың қызыл жолбарысы» спектаклінде Жамбылдың ғашығы Бұрым рөлін, ал «Періште қонған үй» спектаклінде Назым рөлін, «Мұғалім» атты керемет спектакльде Інжар деген жас жеткіншек қыздың рөлін сәтті сомдап шықтым деп ойлаймын. Бұл мен үшін баға жетпес тәжірибе болды. Маған осы рөлдерді сомдауыма мүмкіндік берген театрға алғыс айтқым келеді.

Сахна мен үшін қымбат. Сахнада өзіңізден бөлек әлемді жасауыңыз керек. Шығармашылық адамы үшін өзінің сүйікті ісімен айналысқаннан асқан бақыт жоқ. Сондықтан биылғы жылдың мен үшін орны бөлек.

**Дайындаған**
**Шапағат ӘБДІР**

Дала дәптері

**Қазақтың ұлттық ұғымында мүшел жасты адам жасын есептеудің үлгісі санайды. Ғылым да осы қағиданы тапқыр санақ деп мойындайды. Мүшел жастың ерекшелігі неде? Не себепті қазақ мүшел жасты «қатерлі, қауіпті кезең» санайды? Мақаламызда осы сауалдарға толығырақ жауап беріп көрсек.**

# МҮШЕЛ ЖАС ҚАУІПТІ М

Қазақша жыл санау есебінде 12 жыл аты болса, олар туралы деректер VIII ғасырдағы «Күлтегін» ескерткіштері мен XI ғасырда өмір сүрген Махмұт Қашқаридың еңбектерінде кездеседі. Махмұт Қашқари «Диуани луғат ат-түрікте»: «Ертеде бір қаған ел басынан өткен елеулі оқиғаның қай жылы болғанын уәзірлерінен сұрайды. Ешкім дәл жауап бере алмайды. Содан ақылды патша бізден кейінгілер жаңылыспасын деп жылды 12 айға бөліп, оған 12 жануардың атын беріп және аспандағы 12 шоқжұлдызға негіздеп атауды ұсынған», деп жазады.

Этнографтар келтірген деректерге сенсек, адамның 13 жасқа толуы алғашқы мүшел аталып, кейінгі мүшел жасы 12 жыл қайталанған сайын есептеледі. Алғашқы мүшел жас – 13, одан кейінгілері 25 – екінші, 37 – үшінші, 49 – төртінші, 61 – бесінші, 73 – алтыншы, 85 – жетінші, 97 – сегізінші, 109 тоғызыншы мүшел жасы деп жалғасып кетеді. Әр мүшел ішінде адамның өзіне тән ерекшеліктері мен болмысы қалыптасады.

Қазақ бір мүшелге толған баланы «қозы жасқа толды», «қозыбағар болды» деп мал бағуға, малға қарауға қабілетті жаста деп есептейді. Он үш жаста «отау иесі» деп қарайтыны сондықтан. Ал бір мүшелге толған қыз баланы «ошақ ұстар», «қазан қайнатар» жасқа толды деп есептейді.

Келесісі 25 жас ақ-қараны ажыратып, жақсы-жаманды бағамдай алатын шақ. Бұл жасты өмірдің екінші буыны санап, садақа беріп, қимас бір затын жақын жандарына сыйлап жатады. Бұл ақылы толысып тұрған шағында тіл-көзден қорғанғандығы болар. 37 мен 49 жас ел ағасы атанып, өзгелерге жөн-жоба, өнеге көрсетер кезде де садақа беру сауапты іс саналады. 61 ата жас, 73, 85 қарттық кезеңге келеді.

Қазақ есепшілері адам баласының 100 жасын бір ғасыр ғұмыр деп есептейді. Осы 100 жастың алғашқы 50 жасын «қуаңылы өмір» немесе «барзақ ғұмыр», қалған 50 жасын «ояу тірлік» немесе «саналы ғұмыр» деп есептейді. Ал ояу тірліктің 15 жасын ойнақтаған балалық, 75-тен асқанын жер таянған кәрілік, сонда ортасын «қамыстың сабындай қысқа ғұмыр» деп есептейтіні содан.

Қазақ мүшел жасты «қатерлі жас», «қауіпті кезең» деп есептеген. Адамның өмірі әр он екі жылдан бір қайырылғанда қамыстың буын-бунағына ұқсайды деп қараған. Өмірдің де буынын мүшел жас деп санаған. Бұл жасында әр адам сақтанып жүреді, алыс, ауыр сапарларға шықпайды. Ауа райының қолайсыз кезеңдерінде абайлап жүреді. Қазақтардың бұлай сақтануы негізсіз де емес. Өйткені әр 12 жылда адам ағзасында үлкен өзгеріс болып тұрады екен. Оны ертедегі шығыстық ғалымдар анықтаған.

Мүшел жасқа толған адамның бағалы дүниесін жақынына сыйға беруі керек екені жиі айтылады. Мүшел жасқа шыққан кезде адам өзінің қимайтын бір затын жолдас-жорасына, тілеуін тілеп жүретін қарияға, құрбысына немесе ауылдағы дуалы ауызды адамға беріп, содан бата алған. Бұл рухани тұрғыда жеңіліп, сергек жүріп, өз бағытын дұрыстау жолында жасалған іс. Адам қимас затын садақаға бергеннен кейін көңілі кеңейіп, сергіп қалады екен. Өзіне төнген қауіп-қатер, сырқат садақа арқылы кетеді деп сенген. Үлкендердің айтуынша, бұл сыйлық – аман-саулық, бақыт жолындағы ізгілік. Бүгінде мүшел жасты қалай қарсы аламыз? Осы тұрғыда тұрғындар пікіріне құлақ түріп көрсек.

– Мүшел жас дегенге аса сене бермейді екенмін. Әрбір жастың өз ерекшелігі бар. Пенде болған соң өмірде талай оқиғаларды б
Бірде бақыт құшағында
сынаққа түсіп қаласың. А
өмір. Бір Аллаға сенемін. Ал
жапырақ та түспейді, – дей
Аверке Жанабаева.

Ал Серік Қуанышбекұлы
қасиеті бар деп есептейді.
мүшел жасында түрлі сына

– Мен шынымды айтс
дегенге мән бермей келге
жасқа толған жылы, яғни ү
өмірімде таңғаларлық ж
Сап-сау жүрген мен құрт
жазылдым. Одан соң к
апатына түсіп, жаным зор
Жұмысым тоқтап, әзер жүр
қарбаласып кетті, – дейді С.

Алайда мешіт қызметк
мүшел жасқа қатысты ырым
жоқ екенін айтады.

– Шариғатта мүшел
ырымдап, оны қауіпті кез
және одан аман-есен өтсем
бағыштау және өзінің сүй
заттарын жақын-жуықтары
беру деген жоқ. Бірақ ді
жергілікті қолданыстағы
дініне қайшы болмаса, о
жалғастыруға, ұстануға
Жоғарыда аталған жас е
байланысты қолданылған ат
мен қағидаларға қайшы б
бабаларымыз өз тұрмыс-
дәстүр ретінде сақтады.
бойынша мұндай жас ере
ма деген сұрақ туындайты
жас ерекшеліктердің ата
арнайы ереже болмаға
жастар жайында айтылғ
адам жасына қатысты айты
негізінен құлшылықпен
қарастырылған. Мәселен,
баланы 7 жастан бастап
бұйырылады.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.)
«Балаларыңыз жеті жасқа
оқуға бұйырыңдар. Олар он
намаз оқымаса, (жалқау
тәртіпке салыңдар. Әрі о
орындарын бөлектеңдер»
Әбу Дәуіт риуаят еткен).

Шариғат бойынша а
құзырында жауапты бо
«балиғат» деп атайды. Ба
балалар үшін 13 жас болс
үшін 10-11 жас аралығы.
климатына байланысты
физиологиялық тұрғыдан
Сол себепті «Ұлы сәзде ұл
қыз бала етеккір көргеннен
жасына толған болып са
халқының «Он үш жаста
осы жаспен мүшелге т
айтылмаған. Өйткені шар
13-тегі жасөспірім бал
діни құлшылық жасаумен
Балиғат жасына қаты
Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.
айтылған.

Алланың Елшісі (с.ғ.с.
былай дейді: «Үш ад
көтерілген (күнә жазылмай
жеткенге дейін сәбиден,
ұйқыда жатқаннан және а
ақылынан адасқаннан» (А
риуаят еткен).

Алланың Елшісі (с.ғ.
Бәкір қызы Әсмаға: «Уа
балиғат жасына жеткен ке
мүшелерінен басқа жер
дұрыс болмайды», деп,
жүзіне ишара еткен (Әбу
еткен).

Дінімізде алпыс үш ж
жасы» деген түсінік қалып
Мұхаммед (с.ғ.с.) пай
алпыс үш жасында қайт
Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.
да алпыс үш жасында
Сондықтан 63 жасқа толған
жасына келдім» дейтін
арасында кең тараған. Ал
бойынша есептелген, он
санауымен есептесек, 61
дейді облыстық «Һибат
мешітінің наиб имамы Ғал

Мүшел жас туралы а
салт-дәстүрлерді насих
жазушы Зейнеп Ахмето
мына бір сезімен түйіндег
«Мүшел жастың біз сы
білмейтін құпиясы бар.
байқамаймыз, тылсымға с
Шындап келгенде, бұл –
ең алдымен, өз ар-ұяты
өзіне есеп беруі. Біліп і
істеген күнәлары үшін Ал
өтініп, тәубеге келуі әрі
де қанағатты болып, шүк
түсінген жөн».

**Айж**